

"Қазақстан Республикасының 2005-2007 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау" бағдарламасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 6 желтоқсандағы N 1278 Қаулысы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 3 ақпандағы N 131 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі 2004-2006 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының 1-тармағын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.03.20. N 223 қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасының 2005-2007 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау" бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар жылына екі рет 20 қаңтарға және 20 шілдеге Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігіне Бағдарлама іс-шараларының орындалу барысы туралы ақпарат ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі жыл сайын 10 ақпанға Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарлама іс-шараларының орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат ұсынсын.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.03.20. N 223 қаулысымен.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі **А . Е . М у с и н г е** жүктелсін.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.03.20. N 223 қаулысымен.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2004 жылғы 6 желтоқсандағы
N 1278 қаулысымен
бекітілген

**"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 2005-2007 ЖЫЛДАРҒА
АРНАЛҒАН ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ"
БАҒДАРЛАМАСЫ**

1. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ПАСПОРТЫ

- Атауы** "Қазақстан Республикасының 2005-2007 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау" бағдарламасы
- Әзірлеу үшін негіздеме** Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 3 ақпандағы N 131 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 1-тармағы.
- Мақсат** Қоршаған ортаның ластану деңгейін азайту және оны тұрақтандыру жөніндегі іс-қимыл жоспарын әзірлеу
- Міндеттер**
- а) Қоршаған ортаның сапасын басқарудың жүйесін оңтайландыру мыналарды қамтиды:
 - заңнама базасын жетілдіру;
 - мемлекеттік және жергілікті деңгейлерде жоспарлауды қамтамасыз ету;
 - қоршаған ортаны қорғаудың мемлекеттік басқармасының институционалдық негізін құру;
 - мемлекеттік, өндірістік және қоғамдық бақылау жүйесін жетілдіру;
 - қоршаған ортаның мониторинг жүйесін дамыту;
 - жүйелік тәсіл негізінде табиғат қорғау жұмыстарын ғылыми қамтамасыз ету;
 - сектораралық ынтымақтастық тетіктерін әзірлеу;
 - экономикалық тетіктерді жетілдіру;
 - әлеуметтік әріптестік тетіктерін дамыту;
 - экологиялық білім беру жүйесін жетілдіру;
 - халықаралық ынтымақтастықты дамыту.
 - б) Қоршаған ортаға шаруашылық және өзге де қызметтің әсерін азайту әрі мынадай жолмен табиғат қорғау-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу:
 - Жердің климаты мен озон қабатына антропогендік әсер етуді азайту;
 - биоалуантүрлілікті сақтау;
 - экологиялық апат аймақтарын, зымыран-ғарыш полигондарын және әскери-сынақ кешендерін оңалту;
 - Каспий теңізінің қайраңы мен жақын аумақтардың ластануының алдын алу;

су ресурстарының жұтауы мен ластануының, әуе бассейнінің ластануының алдын алу; жинақтаулар көлемдерін қысқарту, өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды жою және ұқсату; халықтың аурулары мен қоршаған ортаның сапасы арасындағы байланысты зерттеу.

Негізгі Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау
әзірлеуші министрлігі
Қажетті Республикалық бюджеттен 10185,7 млн. теңге, оның
ресурстар ішінде:
және 2005 жыл - 3703,3 млн. теңге;
қаржыландыру 2006 жыл - 1341,8* млн. теңге;
көздері 2007 жыл - 5140,6 млн. теңге қаражат бөлу
көзделуде.

Ескерту: * - қаржыландыру көлемдері тиісті жылға бюджетті қалыптастыру кезінде нақтыланатын болады.

Бағдарламаны Қоршаған ортаның сапасын басқару жүйесін
іске асырудан оңтайландыру саласында мыналар:
күтілетін 2005 жылы:
нәтижелер табиғат қорғау іс-шараларын жоспарлауды әртүрлі деңгейдегі және салааралық үйлестіру қамтамасыз етілетін;
қоршаған ортаны қорғауды басқарудың тиісті институционалдық базасы қалыптастырылатын;
қоршаған ортаны қорғау саласындағы ғылыми зерттеулердің негізі құрылатын;
2006 жылы:
заңнама базасы ретке келтірілетін;
экологиялық Талаптар мен стандарттарды қайта қарау және әзірлеумен мемлекеттік бақылау жүйесі жаңғыртылатын;
Мониторингтің бірыңғай мемлекеттік жүйесінің жұмыс істеуі қамтамасыз етілетін және 10%-ға қоршаған ортаны қорғау мониторингінің жүйесі кеңейтілетін және ұлғайтылатын;
табиғат қорғау қызметін ынталандырудың тиімді экономикалық тетіктері пысықталатын және сынақтан өтетін;
халықаралық ынтымақтастықты кеңейту қамтамасыз

е т і л е т і н ;

2 0 0 7 жылы :

нормативтік әдістемелік құжаттама әзірленетін;
қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстардың
ғылыми-техникалық негіздемесі қамтамасыз етілетін;
үздіксіз экологиялық білім беру, тәрбиелеу және
ағартушылық жүйесі жетілдірілетін болады.
Қоршаған ортаға шаруашылық және өзге де қызметтің
әсер етуін азайту, экожүйелерді қалпына келтіру және
оңалту саласында 2007 жылы мыналар қамтамасыз

е т і л е т і н б о л а д ы :

оны неғұрлым ластанған ірі қалалар мен өнеркәсіп
орталықтарында азайту кезінде 3,6 - 3,7 деңгейінде
атмосфераны ластаудың орташа көрсеткішін сақтау;
өндіріс қарқынын ұлғайту кезінде жылына 155-156
млн. куб. м деңгейінде ластанған ағындардың
төгінділер көлемдерін сақтау;
өндіріс және тұтыну қалдықтарын ұқсату көлемдерін
олардың жыл сайынғы жинақталуының 10% деңгейіне

дейін жеткізу.

Іске асыру

2005-2007 жылдар

мерзімдері

Ескерту. 1-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.03.20. N 223 қаулысымен

2. КІРІСПЕ

"Қазақстан Республикасының 2005-2007 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау" бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 3 ақпандағы N 131 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 1-тармағына сәйкес әзірленген.

Бағдарлама қоршаған ортаны ластау деңгейін азайтуды және оны тұрақтандыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеуді көздейтін 2004-2015 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы Экологиялық қауіпсіздігі тұжырымдамасының бірінші кезеңін (2004-2007 жылдар) іске асырудың тетігі болып табылады.

Бағдарламада Қазақстандағы барлық экологиялық проблемаларға талдау жүргізілген және қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесін оңтайландыруды қоса,

оларды шешу жөніндегі шаралар әзірленген.

Бағдарлама іс-шараларын іске асыру нәтижесінде қоршаған ортаның сапасын тұрақтандыру жөніндегі міндеттерді шешу үшін жағдай жасалатын болады және сәйкесінше экологиялық ахуалдың бұдан әрі нашарлауының және Қазақстан Республикасы халқының денсаулығына оның әсер етуінің нақты және ықтимал қатерлерінің алдын алуға болады.

Ескерту. 2-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.03.20. N 223 қаулысымен

3. ҚОРШАҒАН ОРТАНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАЙ-КҮЙІН ЖӘНЕ ОНЫ ҚОРҒАУ ЖҮЙЕЛЕРІН ТАЛДАУ

3.1. Қоршаған ортаның қазіргі жай-күйі

2004-2015 жылдарға арналған экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасына сәйкес климат пен озон қабатының өзгеруімен, биологиялық әралуантүрліліктің қысқаруымен, шөлейттенумен, топырақ қабатының, судың, ауаның ластануымен, қалдықтардың жиналуымен және тағы басқаларымен байланысты елдің неғұрлым күрделі экологиялық проблемалары болып табылады.

БҰҰ-ның климаттың өзгеруі жөніндегі үлгілік конвенциясын (1995 жыл) бекіткен және осы Конвенцияға Киото хаттамасына қол қойған Қазақстан көмірсутегі отынын жағудан парник газдары көлемінің тұрақты ұлғаюымен байланысты жаһандық жылынудың алдын алу жөніндегі жалпы әлемдік қозғалысқа қосылды.

Қазақстан Республикасында парник газдары шығарындыларының көздеріне түгендеу жүргізілген және тура әрі жанама парник эффектісімен газдардың эмиссиялары есептелген, сондай-ақ негізгі парник газы - көміртегінің диоксиді (CO_2) эмиссиясының болжамы жасалған. Жалпы ішкі өнімнің (ЖІӨ) бірлігіне парник газдары шығарындыларының үлестік көрсеткіші бойынша (3,38 кг/АҚШ доллары) көміртегінің диоксиді (CO_2) Орта Азия елдерінде бірінші орынды алады.

Көміртегінің диоксиді (CO_2) шығарындыларының көлеміне энергетика, ал энергия тасығыштардан - көмір елеулі үлес қосады. Деректердің болжамы бойынша неғұрлым жедел қарқынмен көмірдің үлесі өсетін болады және 2010 жылға қарай отынды жағудан жиналған жиынтық шығарындылар көлемінің 63%, ал 2020 жылы 66% құрайды. Экономикаға жаһандық жылынудың әсері және Қазақстан қоршаған ортасының жай-күйі арнайы зерттеуді талап етеді.

Озон қабатының бұзылуы Дүниежүзілік метеорологиялық ұйымның деректері бойынша соңғы 25 жылда озон қабатының бұзылуы 10% құрайды. Бес станцияда 1973 жылдан бері озонның жалпы құрамына бақылау жүргізілетін Қазақстанның үстінде

озон қабатының қалыңдығы 5-7%-ға қысқарды.

Жекелеген күндері адам үшін қауіпті ультракүлгін радиациясы дозасының асуын тудыратын атмосферадағы озон құрамының неғұрлым төмен мәні байқалуда.

Республикадағы флораның алуантүрлілігі түрлерінің, тегінің құрамы және саны бойынша біраз айырмашылық байқалады. Республика аумағында тамырлы өсімдіктердің 6000-нан астам түрлері, шамамен 5000 саңырауқұлақтар, 485 қыналар, 2000-нан астам балдырлар, шамамен 500 мүктектерілер тіркелген. Неғұрлым толық түгендеуге саңырауқұлақтардың түрлері мен жоғары өсімдік түрлері ұшыраған. Өсімдіктер ішінде 14% жергілікті түрі болып табылады. Олардың ішінде көне түрлері аз емес. Қазақстанның Қызыл кітабына өсімдіктердің жоғарғы және төменгі түрлерінің 404 түрі енгізілген.

Сексеуіл ормандары және бұталарды қоса алғанда, Қазақстанның ормандылығы 4,6% (11,5 млн.га), оларсыз - 1,2% (5,75 млн. га) құрайды. Қылқан жапырақты ормандар 1,8 млн га-ны алып жатыр. Қазақстан ормандары негізінен шаруашылық емес, топырақ қорғайтын және су-қорғайтын рөл атқарады.

Ормандардың биологиялық әртүрлілігіне қауіп төндіретін факторларға өрт, өздігінен жаппай кесу, малды жаю жатады. Соңғы 10 жылда Шығыс Қазақстанда жолақты қарағайлы орман алаңы 0,16 млн.га-ға немесе 20%-ке кеміді. Осы проблемаларды реттеу үшін "Мемлекеттік орман қорының учаскесінде қылқан және сексеуіл екпе ағаштарын басты пайдаланудың кесуіне тыйым салу және оларды сақтау жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 23 сәуірдегі N 460 қаулысы қабылданды.

Егер өткен ғасырдың соңғы он жылдығының басына орман қалпына келтіру жұмыстарының жыл сайынғы көлемі республика бойынша орташа алғанда, шамамен 80 мың га құраса, онда 1997 жылы орманды қалпына келтіру көлемдері 8 есе қысқарды және қазіргі уақытқа дейін іс жүзінде осы деңгейде қалуда (1-сурет).

1-сурет. Қазақстан Республикасындағы ормандарды қалпына келтірудің көлемі

Суретті қағаз мәтіннен қараңыз

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 14 мамырдағы N 542 қаулысымен "2004-2006 жылдарға арналған Қазақстан ормандары" бағдарламасы бекітілді. Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде ормандардың сақталуы, орманмен көмкерілген жерлердің біртіндеп ұлғаюы, өрттерден ормандарды қорғауды жақсарту, зиянкестер мен аурулардан оларды қорғау, ормандардың жастық құрылымын, сапалық құрамын және санитарлық жай-күйін жақсарту қамтамасыз етіледі.

Қазақстанның жануарлар әлемі омыртқалы жануарлардың 835 түрімен және омыртқасыздардың 100 мыңға жуық түрлерімен берілген.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 10 сәуірдегі N 408 қаулысымен сүт қоректілердің 40 түрі, құстардың 57 түрі, бауырымен жорғалаушылардың 10 түрі, қос мекенділердің 3 түрі, су жануарларының 19 түрі - сирек кездесетін және жойылу қаупі төнген жануарлардың тізбесі бекітілген. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 19 маусымдағы N 573 қаулысымен Қызыл кітапқа енгізу үшін омыртқасыз жануарлар түрлерінің тізбесі бекітілген. Барлығы 96 түр.

Ормандарды жою, топырақтардың эрозиясы, ішкі және теңіз су қоймаларының ластануы, биологиялық ресурстардың шамадан тыс алу өсімдіктер мен жануарлар түрлерінің жойылуына, генетикалық деңгейде жоғалтуға және экожүйелерді тиісті өзгерістерге алып келеді.

Соңғы уақытта Қазақстан экологиялық факторлары үшін нақты сыртқы қатерді әлемде кең таралған генетикалық өзгеріске ұшыраған организмдер мен өнімдерді әкелу болып табылады. Өсімдіктер мен жануарлардың жат текті түрлерін интродукциялау биоәртүрлілікті жоғалту есептерінің бірі және ғылыми зерттеулер жүргізуді талап етеді.

Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының басына дейін Арал теңізі әлемдегі ішкі теңіздердің аумағы бойынша төртінші орында болды. Оның аумағы 64,5 мың шаршы километрге жетті, тереңдігі - 68 метрді құрады. 60-шы жылдардан бастап Арал теңізіне құятын сулар лезде азайды. Теңіз аумағы теңіз түбінің үш миллионнан астам гектарын жалаңаштап екі есе қысқарды. Теңіз деңгейі 19 метрге төмендеді, көлемі 1064-тен 210 км³ -қа қысқарды. Теңіз суының минералдануы 33,3-тен 60 г/л-ға дейін екі есеге жуық көтерілді. Арал өңірінде пайда болатын, тұзды-шаңды ағыстар ғарыштан түсірілген суреттердің деректері бойынша 150-300 және одан да үлкен километрлерге таралады. Шаңның таралу және шөгуі аймақтарының көлемі шамамен 25 млн.гектар құрайды.

Арал теңізі айдынының апатты қысқаруы аумағында 178 елді мекен орналасқан, 186,3 мың адам тұратын экологиялық апат аймағы деп, мәлім болғандай, Арал өңірін жариялаудың себебі болды. Ауыз сумен қамтамасыз ету негізінен, ашық су қоймалары мен әкелінетін сулардың есебінен, 25% құрайды. Қазіргі уақытта, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 7 мамырдағы N 520 қаулысымен 2004-2006 жылдарға арналған Арал өңірінің проблемаларын кешенді шешу жөніндегі бағдарлама бекітілді.

Семей аймағы (Семей ядролық сынақ полигоны - СЯСП) полигон әсерімен сипатталатын, денсаулық пен ауру жай-күйінің негізгі көрсеткіші бойынша ең қолайсыздың бірі болып қалуда. СЯСП-та ядролық қаруды сынау нәтижесінде Қазақстан халқының денсаулығына келтірілген зиянды бағалау жүйесі түпкілікті анықталып әзірленген жоқ және шаралардың тиісті кешенін жүргізуді белгілейді.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 22 тамыздағы N 182-өкімімен құрылған Ведомстволық жұмыс тобы бұрынғы әскери-сынақ полигонын,

оның ішінде, СЯСП-ты зерттеу үшін кешенді бағдарлама әзірлеуді жүргізуде. Бағдарламада осы жерлердегі нақты радиациялық жағдайды анықтау үшін жерлерді қайта өңдеу, оналту іс-шараларының кешенін әзірлеу және орындау жөніндегі жұмыстарды одан кейінгі жүргізумен ірі көлемді ғылыми зерттеулер көзделетін болады. Толық көлемді зерттеулерді полигонның өзінің жерлерінде ғана емес, сонымен, полигонға жақын аудандар аумақтарында да жүргізу қажет.

Теңіздің шабуылы салдарынан мұнай өндірістері, шаруашылық объектілері, коммуникациялар және басқалары су астында қалды. Келісім-шарт аумақтарынан тыс орналасқан 300 астам ұңғымалар иесіз болып қалды. Олардың 150-і астамы жедел жою шараларын қажет етеді, олардың 78-і су астында қалған.

Каспий теңізінің көмірсутегі ресурстарын игеру бастылары балық аулауға кедергі келтіру, теңіз түбіндегі бұзушылықтары, балықтар миграциясының бұзылуы, айдынды шеттету, судың лайлылығын арттыру, өндіру және тасымалдау кезінде технологиялық, авариялық төгінділер, шығарындылар және жайылулар болып табылады.

Қоршаған ортаны жану өнімдерімен ластай отырып, алауларда жағылатын ілеспе газды толық кәдеге жарату жөніндегі тиісті шаралар қабылданбайды. Бұл орайда, атмосфераға парник газдарының, күкірт пен азоттың көп саны шығарылады. Бұл орайда, техногендік сипаттағы жер сілкіністерінің мүмкіндіктерін ескеру қажет.

Каспийдің солтүстік және солтүстік-шығыс тайыз қайраң аймағы негізін бентостық, планктондық жануарлар мен балдырлардың үлкен әртүрлілігі құрайтын балықтар мен (оның ішінде бекіре тұқымдастар) құстардың табиғи молаюының бай таралу аймағын білдіреді. Қайраң аймағының және Еділ мен Жайық өзендері атырауының аумағы 1974 жылдан бастап қорық аймағы болып жарияланған, бірақ оны зоналауды қорық режимімен учаскелердегі жұмыстарды толық тыйым салу үшін аяқтау талап етіледі. Теңіздің солтүстік шығыс бөлігіндегі аралдарда Каспий итбалығының негізгі мекен ету ортасы, ал батпақты-сулы алқаптарда суда жүзетін құстарды, оның ішінде көшіп-қонып жүретін құстар мекен етеді. Каспий экожүйесінің бірегейлігін ескере отырып, тиісті экологиялық талаптар мен стандарттармен шаруашылық жүргізудің ерекше шарттарын әзірлеу қажет.

Республиканың су ресурстарының жай-күйі жалпы жеткіліксіздікпен, жалғасып жатқан ластанумен және тозумен бағаланады. Қазақстандағы тұщы су ресурстары 524 км³ құрайды, олардан 100,5 км³ өзен ағысына келеді.

Жер асты суларының барланған қорлары (16 км³) болжамды ресурстардың салыстырмалы шағын бөлігін - шамамен 27% білдіреді. Тұщы судың жер асты қорларына, стратегиялық ресурс мәртебесін беру қажет.

2002 жылы шаруашылық-ауыз суын пайдалану көлемі 1995 жылмен салыстырғанда екі есе төмендеді. Халықтың жан басына шаққандағы есепте шаруашылық-ауыз су мақсатындағы сулар орташа алғанда, шамамен тәулігіне 150 литрден келеді.

Республиканың ауыл халқы қала халқына қарағанда суды үш есе аз тұтынады.

Жыл сайын шайынды сулардың төгінді көлемі 5 млрд.м³ -ден артықты құрайды, Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан, Павлодар, Маңғыстау, Алматы, Қызылорда облыстары оған елеулі үлес қосады. Соңғы 3 жылда жылына 155 млн.м³ деңгейінде (тазартылмаған және тазартуы жеткіліксіз) ластанған шайындылардың көлемдерінің тұрақтануы байқалады.

44 зерттелген су объектілерінен 9 өзен, 2 көл және 2 қойма "таза" су объектілеріне, ал "лас" және "өте лас" су объектілеріне 6 өзен мен 1 су қоймасы жатқызылған. Елек, Нұра, Ертіс өзендері мен Самарқанд су қоймасының сулары өте ластанған.

2004-2010 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы Ауыл аумақтарының дамуы мемлекеттік бағдарламасында келтірілген деректер бойынша, елдің 637 ауылды мекендерінде (8,3%), сапаның нормасына сәйкес келмейтін (ащылығы 1,5 г/л-ден жоғары), оның ішінде, оның 176-да тұздың құрамы 2-3 г/л, ауыз суын пайдаланады. Осындай елді мекендердің көбі Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Қызылорда облыстарында орналасқан.

Су тапшылығы және судың ластануы, ауыл шаруашылық өнімдерін және азық-түлікті алу мақсатында қолданатын, биологиялық ресурстарға кері әсерін тигізеді. Өзен аумағында немесе су қоймаларына жақын орналасқан ауылшаруашылық алқаптары өндірістік және коммуналдық кезеңнен өткен ластанған суды пайдаланады, онда жинақталған лас судың деңгейі өсуде. Ластанған жерде өсірілген өнім, пайдаланудың шектеулі аясын иемденген және жіберілген шығындар өтелмейді.

Қазіргі уақытта, Қазақстан Республикасында 14-тен 4 әскери-сынақ полигоны және "Байқоңыр" зымыранды-ғарыш кешені жұмыс істейді.

Зымыранның ұшуына отынның орасан зор шығыны кететіні белгілі және 40-50 км биіктікке дейін тығыз атмосфера қабатынан өту кезінде, сондай-ақ отынның 500-600 тоннасы жұмсалады, оның 200 тоннасын гептил құрайды. Оттегінің жануымен және ыдырау өнімдердің құралуымен отынның жану процесі ілесе жүреді. Қоршаған орта үшін, зымыран тасығыштардың бөлінетін жерге құлаған бөлшектері, улылығы жоғары отынның таралуы және қоршаған ортаға кері әсерін тигізетін басқа да факторлар ерекше қауіп төндіреді.

Атмосфераның негізгі ластануы түсті металлургия, жылу энергетикасы, қара металлургия кәсіпорындарының, мұнайгаз кешені мен көліктің шығарындыларымен байланысты.

Республиканың 19 қаласында атмосфералық ауаның ластану жай-күйін бақылау жүргізілуде. Риддер, Шымкент, Өскемен, Қарағанды, Алматы қалаларында ластанудың неғұрлым жоғары деңгейі байқалады. Кей кездері ластаушы заттардың ең жоғарғы шоғырлануы ШРШ-ны 10-20 рет асады (мысалы, Балқаш, Өскемен қалаларында күкірттің диоксиді бойынша).

Республиканың кейбір қалаларында атмосфералық ауаның ластану деңгейінің төмендеуі оңтайлы үрдісі байқалуда. Егер 90 жылдардың басында Өскемен, Риддер қалаларының ластану индексі 35-40 бірлікке жетсе, онда қазір 12-17-ге дейін төмендеді. Алайда керісінше үрдіс (Атырау облысы) де орын алуда.

2-сурет. Тұрақты көздерден ластаушы заттардың шығарындылары, мың т.

Суретті қағаз мәтіннен қараңыз.

2 және 3-суреттердің кестелерінде тұрақты және жылжымалы көздерден атмосфералық ауаға ластаушы заттардың жиынтық шығарындыларының серпіні көрсетілген. Тұтастай алғанда, өндірістің ұлғаймалы қарқынында 2,6-2,7 млн.тонна деңгейінде 1995-2003 жылдар ішінде тұрақты шығарындылардан 2000-2003 жылдар ішінде 0,9-1 млн.тонна деңгейінде автокөліктен атмосфераға жиынтық шығарындылардың салыстырмалы тұрақтануы байқалуда.

3-сурет. Автокөліктен ластаушы заттар шығарындыларының серпіні, мың.т.

Суретті қағаз мәтіннен қараңыз.

Қалалардағы жылжымалы көздерден шығарындылардың үлесі автокөлік санының ұлғаюы есебінен өсу үрдісі бар. Әсіресе, көміртегінің оксиді бойынша автокөліктің жаңа моделдерінің үлестік шығарындылары біраз асатын пайдаланылған газдардың ластаушы заттардың үлестік шығарындылары ескі үлгідегі әсіресе, пайдаланылатын көліктің теріс әсері бар.

Атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі жүргізілетін іс-шаралар кәсіпорындар шығарындыларының есебін алуға және тұрақты әрі жылжымалы көздермен қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемдер жинауға бағытталған. Алайда, зиянды заттар шығарындыларының азаю эффектісіне мұндай әдістермен қол жеткізілмейді, өйткені кәсіпорындар "экологиялық төлемдерінің" құны ол үшін түбінде, тұтынушылар төлейтін өнім құнына (жылу, энергия, қызмет көрсету) енгізіледі.

Экологиялық төлемдерді пайдалану тетігі өндірісте таза технологияларды енгізуді және экологиялық таза өндірістер мен циклдарды қолдауды көздейді.

Елдің әуе бассейнін ластауға трансшекаралық көшіру біраз үлес қосады: мысалы, Мәскеудің әдістемелік синтездеуші орталығы орындаған алдын-ала есептер бойынша Қазақстанның аумағындағы өз көздерінен күкірттің түсу үлесі жылына 380 мың тонна, сырттан әкелінгендерінің үлесі - жылына 446 мың тонна. Қазақстан, өз кезегінде көрші елдердің аумағына түсетін ластаулардың біраз көлемін жеткізеді.

Қазақстанның шамамен 5 млн. тұрғыны ластанған атмосфералық ауа жағдайында, 2 млн. - ластанудың өте жоғары деңгейі жағдайында тұрады.

Қазақстандық ғалымдар халықтың емделуіне, диагностика мен сауықтыруға жалпы шығындарды, өмірдің орташа ұзақтығын, аурухана парақтары және мүгедектерге зейнетақылар бойынша төлемдерге шығындарды ескере отырып, экологиялық жағдайдың нашарлауы салдарынан халықтың денсаулығына келтірілген залал есебінің моделін әзірледі. Денсаулықты қорғау және экожобалау орталығының деректері бойынша Қазақстанның шығындары бір жылға әрбір тұрғынға 8355 теңге (\$55,7) немесе атмосфераға шығарындылардың бір тоннасы үшін 9000 теңге (\$60) құрайды. Бұл атмосфералық ауаның ластануынан Қазақстан халқының денсаулығы үшін теріс эффект жылына кемінде 225 млрд. теңге (\$1,5 млрд.) құрайтынын білдіреді.

Республикада 22 млрд.т. аса өндіріс және тұтыну қалдықтары жинақталған. Пайдалы кен орындарын барлау кезінде өндірілетін минералдық шикізаттың 3-5% көлемін құрайтын 1-2 басым компонент ғана пайдаланылатыны мәлім, қалған масса қалдықтар түрінде жинақталады.

Түсті, сирек, асыл және радиоактивтік металдардың тау-кен металлургия өндірісі қалдықтарына жиынтық қорлары тиісті жеткілікті ірі кен орындарының қорларымен тең.

Қалдықтардың жалпы массасында 6,7 млрд.т - жерлерді, жер үсті және жер асты суларын, әуе бассейнін ластау көздері болып табылатын улы қалдықтар. Улы өнеркәсіптік қатты қалдықтардың негізгі көлемдері 5,2 млрд. т астамы түсті металлургия кәсіпорындарында жинақталған. Олар Қарағанды - 29,4%, Шығыс Қазақстан - 25,7%, Қостанай - 17%, Павлодар - 14,6% облыстарында жинақталған. Сақтаудың 100-ден астам орындарында 50 мың кюриден астам жалпы белсенділіктегі шамамен 50 млн.т радиоактивтік қалдықтар жинақталған. 100-ден астам сақтау орындарында жалпы активтілігі 250 мың кюри уран өндірісі саласының шамамен 250 млн. тонна радиоактивті қалдықтары жинақталған.

Өндіріс қалдықтарының жыл сайынғы өсімі 1 млрд.т-ға жетеді.

Мұнай-газ кешені, жылу энергетикасы, тау-кен және ұқсату өнеркәсібі кәсіпорындарының бұрынғы қызметінен қалдықтар, сондай-ақ қазіргі уақытта иесіз объектілер: мұнай-газ және гидрогеологиялық ұңғымалар, шахталар, кеніштер (оның ішінде радиоактивтік қалдықтармен), қалдықсақтауыштар және ақаба сулардың жинақтаушылары, әскери-сынақ полигондары жататын тарихи ластанулар проблемасы бар.

Жыл сайын қатты тұрмыстық қалдықтардың көлемі шамамен 10-13 млн.м³ ұлғаяды. Тек, Алматы қаласында жыл сайын 2 млн.м³ қоқыс жинақталады, одан 300 мың.м³ ұқсатылады. Орташа алғанда, тұрмыстық қалдықтар құрылымында шамамен 50% тұрмыстық қалдықтар, шамамен 26% - қағаз, шамамен 9% - пластмасса, шамамен 15% - шыны, тігін, тері, металл, қыш, құм және өзгелері құрайды.

Қатты тұрмыстық қалдықтардың негізгі массасы компоненттерге бөлінбестен

әкетіледі және ашық қоқыстарда жинақталады, олардың 97% табиғат қорғау заңнамасының талаптарына сәйкес келмейді, оларды орналастыру мен жайғастыру қоршаған ортаға әсер етуді жобалаусыз және бағалаусыз жүзеге асырылған. Республикадағы қатты тұрмыстық қалдықтардың 5%-тен астамы ғана кәдеге жаратуға немесе жағуға ұшырайды.

Қазіргі уақытта, облыстарда өндірістік және қатты тұрмыстық қалдықтардың статистикалық есебі ғана жүзеге асырылады. Олардың кадастрлары жүргізілмейді. Жинақталған қалдықтарға түгендеу жүргізуді талап ететін қалдықтармен ластанған көлемдер мен алаңдардың дәл деректері жоқ.

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, радиоактивті, бактериологиялық, химиялық ластану.

Радиоактивтік ластану Қазақстанның негізгі экологиялық проблемаларының бірі болып табылады. Оның көздері болып мыналар қызмет етеді:

уран өндіретін және ұқсатушы өнеркәсіптің жұмыс істемейтін кәсіпорындарының қалдықтары - уран кеніштерінің үйінділері, өздігінен ағатын ұңғымалар, қалдықсақтауыштар, технологиялық желілердің бөлшектеліп алынған жабдығы; ядролық қаруды сынау нәтижесінде ластанған аумақтар; мұнай өндіру қалдықтары және жұмыс істеуін тоқтатқан мұнай жабдығы; ядролық реакторлар қалдықтары, иондаушы сәулеленудің жұмыс істеуін тоқтатқан көздері.

Қазақстан аумағында уран өндіруші кәсіпорындардың жинақталған қалдықтары жинақталған табиғи радиоактивтіліктің жоғары деңгейін белгілейтін алты ірі уран беретін геологиялық провинциялар, көптеген шағын кен орындары мен уранның кен басқармалары бар. Көптеген аумақтар ядролық сынақтар жүргізу салдарынан радионуклидтермен ластанған.

Қазақстанның 30% аумағында - табиғи радиоактивті газ - радонның жоғары бөлінуінің әлеуетті мүмкіндігі бар.

Химиялық ластану проблемасы шаруашылық қызметі процесінде адам пайдаланатын химиялық активті заттардың кең таралуымен байланысты, оның ішінде, тірі организмде жинақталу қабілетіне ие, табиғи ортада бәсең бүлінетін, тұрақты органикалық ластанулар (ТОЛ) өте қауіпті.

ТОЛ-дың ауқымды бөлігі қалдық санмен топырақ бетінде және өсімдіктер массасында ұзақ жылдар сақталатын пестицидтермен берілген. Өнеркәсіптік ТОЛ энергетика, мұнай өңдеу және химия өнеркәсібінің кәсіпорындарында жиналады және пайдаланылады.

Төтенше жағдайлар жөніндегі министрліктің деректері бойынша Қазақстанда 1994 жылдан басталған кезең үшін табиғи және техногендік сипаттағы 320 мың төтенше жағдайлар мен оқиғалар тіркелген, зиян шеккендердің жалпы саны 250 мыңнан астамды, қайтыс болғандар шамамен 40 мыңды құрады. Сараптық бағалаулар бойынша

қосымшалар ретінде бекітілуі тиіс.

Қазіргі уақытта, экологиялық жоспарлау Үкімет, министрліктер, әкімдіктер мен жекелеген кәсіпорындар деңгейінде жүзеге асырылады. Кәсіпорындар табиғат қорғау іс-шараларының жоспары көбінесе тексеру барысында берілген мемлекеттік инспекторлар нұсқамаларының тармақтарын қайталайды, ол қоршаған ортаны сауықтыру, ұтымды табиғат пайдалану, сәйкесінше қаржыландыру мәселелеріне жоспарлы тәсілдің жоқ екенін көрсетеді. Өз инвестициялық саясатында шетелдік және отандық кәсіпорындар табиғат қорғау саласын қаржыландырудың қалдық қағидатын басшылыққа алады, яғни табиғат пайдалану нақты тұтыну сипатын жалғастыруда.

Әртүрлі министрліктер мен ведомстволар бойынша, оның ішінде шаруашылық қызметімен айналысатын мемлекеттік экологиялық бақылаудың шашыраңқылығы барлық бақылаушы органдардың жұмысын үйлестірудің, қайталауды жоюдың, экожүйелік мемлекеттік бақылауды дамытудың қажеттілігін белгілейді.

Бақылаушы құрылымдардың әлсіз материалдық-техникалық жарақтануы салдарынан құқық қолдану практикасы бөлігінде жедел бақылаудың тиімділігі төмен.

Қоршаған ортаны қорғаудың экономикалық тетіктерін жетілдіру табиғи ресурстарды пайдалану және қорғау жөніндегі шаруашылық қызметін реттеудің мықты факторы болып табылады. Бұл салада нормативтік-әдістемелік базаны жетілдіру жөніндегі жұмыс жүргізілуде, қоршаған ортаны ластағаны үшін төлем ретінде алынатын қаражатты нысанды пайдалану тетіктерін жүргізу қажет.

Табиғат қорғау қызметінің тиімділігін арттыру табиғат пайдалану мен экологиялық сараптаманың рұқсат ету жүйесін оңтайландыруға жәрдемдеседі.

Қазіргі уақытта мониторингтің әртүрлі ведомстволық жүйелерінің жұмыс істеуі жедел және тиімді басқарушылық шешімдер қабылдауға қажетті қоршаған орта жай-күйінің толық мәндегі тұтас сипатын бере алмайды.

Жұмыс істеп тұрған мониторинг жүйелері, қызметтер мен желілер, негізінен, қоршаған орта объектілерінің ластануын бақылауды жүзеге асырады. Олар ведомстволарға бағынады, әдістемелік, бағдарламалық және ұйымдастырушылық жағынан бір-бірімен байланыссыз. Олардың қызметінің үйлесімділігі жоқ болғандықтан, тақырыптық табиғат қорғау міндеттерін шешуге және жедел басқарушылық шешімдер қабылдауды ақпараттық қолдауға мүмкіндік бермейді. Ақпараттық жағынан бұл желілер бірге жұмыс істей алмайды. Ақпараттың техникалық, математикалық және басқа да түрлері талап етілетін номенклатураны, анық және дәл өлшемдер, экологиялық ахуалды жақсарту жөніндегі ақпараттар алудың қажетті шұғылдығы мен нұсқамалар әзірлеуді қамтамасыз ете алмайды.

4. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5. БАҒДАРЛАМАНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ ЖӘНЕ ІСКЕ АСЫРУ ТЕТІКТЕРІ

Шешуші деңгейдегі нақты іс-қимылдардың тиімділігі басқару жүйесінің дайындылығымен, қажетті заңнама және нормативтік-әдістемелік базаның, табиғат қорғау жүйесінде экономикалық және қаржы тетіктері мен ынталандыруларының болуымен, әлеуметтік-экологиялық-экономикалық проблемаларды кешенді шешуге бағытталған тетіктердің синергизмімен айқындалады.

Мәлімделген мақсат әуе бассейніне ластаушы заттардың шығарындыларын, оның ішінде, парник газдары мен озон бүлдіргіш заттарын, су көздеріне ластанулар төгінділерінің көлемдерін тұрақтандыруға, өндіріс және тұтыну әрі басқа да қалдықтарды жинақтау қарқынын азайтуға бағытталған іс-қимылдарды іске асыру жолымен қол жеткізілетін болады.

5.1. Қоршаған ортаның сапасын басқару жүйесін оңтайландыру

5.1.1. Заңнаманы экологияландыру

Жүйелік талдау теориясын пайдалана отырып, қоршаған ортаны қорғау бөлігінде нормативтік-құқықтық базаны жетілдірудің ғылыми негізделген тәсілдері жөніндегі ұсыныстарды дайындау қажет.

Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін реттейтін заңдар жобаларын әзірлеуді жалғастыру көмірсутегі шикізатын өндірумен байланысты көптеген елдердің мүдделері шоғырланатын аймақтың ерекше жағдайымен байланысты. Заңнамалық-құқықтық және нормативтік құжаттар биологиялық ресурстарды молықтыру мен тұрақты қалпына келтірудің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін экологиялық қолайлы компромистерге кепілдік беруі тиіс.

Экологиялық және техникалық нормативтерді заңнамалық бекітумен әрі оларды белгілеу тәртібімен нормативтік-әдістемелік табиғат қорғау құжаттамасын әзірлеу, пысықтау, бейімдеу және бірегейлендіру 2005-2007 жылдар бойы жүргізілетін болады.

5.1.2. Экономиканы экологияландыру

Табиғи объектілердің құнын және табиғат қорғау іс-шараларының тиімділігін айқындаумен экологиялық-экономикалық бағалау әдістерін әзірлеу шектеулер мен тыйым салулар тетіктерімен қатар қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалану саласындағы пәрменді экономикалық тетіктерді дамытуға жәрдемдесетін болады.

Экологиялық талаптар мен өлшемдерді енгізу және барлық әзірленетін мемлекеттік, салалық және өңірлік бағдарламаларды келісу - экономиканы экологияландырудың

негізгі шарты. Экологиялық талаптар мен өлшемдер бағдарламаларды әзірлеу барысында енгізілуі және міндетті экологиялық сараптамадан өту процесінде түзетілуі т и і с .

Халықаралық тәжірибені ескере отырып, табиғат пайдаланудың және экологиялық сараптаманың рұқсат ету жүйесін оңтайландыру жоспарлы және дәйекті түрде жүргізілетін болады. Рұқсат ету жүйесі экологиялық жағдайдың аялық деңгейін және халықтың денсаулығы мен қоршаған ортаға зиянды әсер етудің мүмкін болатын салдарларын ескере отырып, әрбір объектінің қоршаған ортасына әсер етудің негізді бағалау жолымен табиғат қорғау жұмысының практикасына енгізіледі.

Қоршаған ортаға теріс антропогендік әсер етулерді азайтуға жәрдемдесетін мемлекеттік бақылаудың тиімді моделін құру экожүйелік тәсілдің қағидатына негізделген. Бұл орайда, табиғи объектілер күрделі ішкі және сыртқы байланыстарға ие тұтас жүйе ретінде қаралады. Тек осындай тәсіл әртүрлі министрліктер мен ведомстволар бойынша бақылау функцияларын жинақтау кезінде нәтижелі болуы м ү м к і н .

Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) Қазақстанның кіруі жөніндегі жүргізілетін іс-шаралармен байланысты қажетті және талап етілген халықаралық стандарттармен қоршаған ортаны қорғау саласындағы қазақстандық стандарттарды үйлестіру мақсатымен халықаралық экологиялық стандарттарға ИСО 14000 көшуді ғылыми қамтамасыз ету осындай көшуді қамтамасыз ету жөніндегі әдістемелік нұсқаулар әзірленетін және қоршаған ортаны қорғау бағдарламасын ақпараттық сүйемелдеу жөніндегі ұсыныстар дайындалатын болады.

Экологиялық тиімді ресурс үнемдейтін технологияларды, өндірістерді, шикізат түрлерін, материалдарды, өнімдер мен жабдықты әзірлеу жөніндегі зерттеулер ерекше ресурс үнемдейтін технологиялар саласындағы неғұрлым тиімді экологиялық және экономикалық орынды шешімдерді табу мақсаты бар.

Әлеуметтік-экономикалық жоспарлау практикасына қоршаған ортаны қорғау саласындағы индикаторлар мен көрсеткіштер жүйесін және мемлекеттік статистиканы әзірлеу және енгізу қоршаған ортаның жай-күйін объективті сандық бағалау алуға, әкімшілік шешімдерін жоспарлау, қабылдау саласында пайдалану үшін бағыттылығы мен оның серпінінің қарқынын қадағалауға мүмкіндік береді.

Қоршаған ортаны қорғау облыстық басқармаларының химиялық зертханаларын талдамалық жабдықпен қамтамасыз ету, гидрометрикалық және гидрохимиялық жұмыстарды жүргізу үшін арнайы теңіз кемесін сатып алу қажет, ол бақылау-инспекциялық жұмысының сапасын арттыруға, сондай-ақ табиғат қорғау заңнамасын бұзу жағдайында экожүйелер мен халықтың денсаулығына келтірілетін зиянның дәлелділігіне мүмкіндік береді.

Ескерту. 5.1.2-кіші бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.03.20. N 223 қаулысымен.

5.1.3. Қоғамды экологияландыру

Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық жүйесін құру және азаматтардың қалың тобының экологиялық ақпаратқа қол жетуін қамтамасыз ету Ақпаратқа кіру, шешімдер қабылдау процесіне жұртшылықтың қатысуы және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жеткізу туралы конвенцияға қол қою және бекіту кезінде Қазақстан Республикасы алған міндеттемелерді іске асыру міндеттемелерді іске асыру міндеттерін е жауап береді.

Қазақстан Республикасының орта білім берудің мемлекеттік жүйесіне экологиялық білім беру бойынша инновацияларды енгізу тетіктерін әзірленетін болады.

Экологиялық қауіпсіздік жөніндегі білім беру бағдарламаларын енгізу бойынша ұсыныстар әзірленген.

Экологиялық ағарту және үгіт-насихат жүйесін дамытуды қамтамасыз ету ақпараттық-ағарту материалдарын жаңарту және құру жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды болжайды. Ол халықтың қалың топтары үшін экологиялық білімдерді насихаттауды, қорғаудың ерекше шараларын талап ететін елдің флорасы мен фаунасының бірегей түрлерін суреттеумен және әдемі бейнелеумен брошюраларды, ақпараттық парақтарды, ғылыми-қызғылықты әдебиетті, күнтізбелерді, открыткаларды, буклеттерді, почта маркалары мен белгілерін шығару жолымен экологиялық мәдениетті қалыптастыруды, теле және радиохабарларын ұйымдастыруды қамтиды.

Экологиялық мазмұндағы мерзімді басылымдарды қолдау бұқаралық ақпарат құралдарында (БАҚ) экологиялық проблемаларды экологиялық жағдайлардың жай-күйін, табиғат қорғау іс-шаралары мен жетістіктерін неғұрлым кең суреттеу қажеттілігімен байланысты.

5.1.4. Қоршаған орта мониторинг жүйесін дамыту

Қазақстан Республикасының қоршаған орта мониторинг жүйесін дамыту үшін мынадай негізгі бағыттар бойынша жұмыстар жүргізу қажет:

қоршаған орта мониторингінің нормативтік-құқықтық базасын және ғылыми-әдістемелік базасын жетілдіру;

аналитикалық зертханаларды қоса, қоршаған орта жай-күйін бақылаудың мемлекеттік желілерін дамыту және техникалық қайта жарақтандыру;

қоршаған орта мониторингінің ақпараттық-технологиялық және телекоммуникациялық жүйелерін дамыту.

Нормативтік-құқықтық және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету ұйымдастырушылық, құқықтық, нормативтік қамтамасыз етуді қарастырады.

Қоршаған орта мониторингін ұйымдастырушылық қамтамасыз ету мониторинг міндеттерін толық және тиімді орындаған жағдайда шығынды азайтуды қамтамасыз

ететін басқару құрылымдарын оңтайландыруға бағытталған және нормативтік және нұсқаулық құжаттарды шығару және енгізу жолымен іске асырылады.

Қолданыстағы заңдарға сәйкес Қазақстан Республикасы қоршаған ортасының экологиялық мониторингі орталығын, сондай-ақ Каспий теңізі мен Арал өңірлерінде экологияның өңірлік орталықтарын құрумен әртүрлі мемлекеттік органдар арасындағы ақпаратпен алмасуды қамтамасыз етуі тиіс. Бірыңғай мемлекеттік табиғи ресурстар және қоршаған орта мониторинг жүйесінің жұмыс істеуін және бұдан әрі дамуын қ а м т а м а с ы з е т у қ а ж е т .

Құқықтық қамтамасыз ету қоршаған орта мониторингінің мәртебесін реттейтін, белгіленген тәртіппен құқықтық және заңнамалық актілер мен құжаттарды әзірлеу және қ а б ы л д а у д ы қ а р а с т ы р а д ы .

Нормативтік қамтамасыз ету қоршаған орта жай-күйін бағалау және болжау бойынша жұмыстарды орындауға, табиғат қорғау қызметінде басқарушылық шешімдерді жасау және қабылдауға негіз болатын қоршаған орта жай-күйін, оған антропогендік әсерлердің нормасын анықтайтын нормативтерді әзірлеу және т а ғ а й ы н д а у д ы қ а р а с т ы р а д ы .

Қазақстан Республикасы аумағындағы қоршаған орта жай-күйі өзгерістерін үзіліссіз бақылау метеорологиялық, климаттық, аэрологиялық, гидрологиялық, агрометеорологиялық жағдайлармен бірге, көбінесе бақылау желілерінің қазіргі өлшеу құралдарымен ж а б д ы қ т а л у ы н а т ә у е л д і .

Жоспарланатын іс-шаралар мыналарды қарастырады:

метеорологиялық және аэрологиялық бақылаулардың мемлекеттік желілерін спутниктік өнімдер және т.б. сияқты берілімдерді алу мүмкіндік ескере отырып о ң т а й л а н д ы р у д ы ;

әсіресе ерекше қорғалатын аумақтарда орналасқан трансшекаралас өзендер мен су нысандарын бақылауды ұйымдастыру жағынан, қазіргі талаптарды ескере отырып, мемлекеттік гидрологиялық желілерді дамытуды және заман талабына сәйкестендіруді;

қоршаған ортаның негізгі құрамдас бөліктерінің (атмосфералық ауа және атмосфералық жауын-шашын, жер үсті сулары мен топырақ, радиациялық жағдайы) жай-күйіне және ластануына бақылаулардың жаңа бөлімшелерін құруды және жұмыс і с т е п т ұ р ғ а н д а р ы н ж а ң а р т у д ы ;

гидрометеорологиялық станциялар мен бекеттер желілеріне автоматтандырылған және ұ т қ ы р б а қ ы л а у құралдарын енгізу;

атмосфера, жер үсті суы, теңіз ортасы, топырақ, ауылшаруашылығы дақылдары, жайылым өсімдіктері, ластанушы заттардың трансшекаралық тасымалдануы жағдайын бақылаудың жаңа әдістері мен технологиясын жасауды;

тозуы 80%-дан жоғары бөлімшелерде жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу - қызмет үйлерін, метеорологиялық алаңдарды, гидрогеологиялық бекеттерді, қосалқы

құрылыстарды, байланыс және күш жабдықтарын жаңарту және қалпына келтіру; қоршаған орта мониторингін бақылау және тексерудің экологиялық желілерін дамыту және кеңейту, аумақтық дәрежедегі аналитикалық зертханаларды стационарлық және ұтқыр (жылжымалы) бақылау және өлшеу құралдарымен ж а р а қ т а н д ы р у ;

Солтүстік Каспий, зымыран-ғарыштық полигондардың әсеріне ұшыраған аумақтарында, сондай-ақ Балқаш көлі, Нұра өзені бассейндерінде, Щучинск-Бурабай курорттық аймағында, "Ақтау" теңіз порты" арнайы экономикалық аймағының аумағында, Алматы қаласының аэродинамикалық жағдайына және аэроғарыштық мониторинг жүргізуді қамтамасыз ету.

Ақпараттық-технологиялық және телекоммуникациялық жүйесін дамыту қоршаған орта мониторингінің аумақтық ақпараттық-талдау орталықтарының техникалық дамуы және қоршаған орта мониторингінің ақпараттық жүйесін дамыту негізінде, сондай-ақ қоршаған орта мониторингінің мемлекеттік бақылау желісіне байланысты ұйымдастыру жолымен ақпаратты жинау мен өңдеудің республикалық орталығы шеңберінде өткізу жоспарлануда.

Ескерту. 5.1.4-кіші бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.03.20. N 223 қаулысымен.

5.1.5. Қоршаған ортаны қорғауды ғылыми қамтамасыз ету

